In the high mountainous part of the Shaki-Zagatala economic-geographical region, bare slopes and rocks topped with abrasive materials cover a large area, and **floods** are formed in river basins as a result of periodic rains [6; 176]. This, in its turn, has a negative impact on production and social infrastructures in the foothills, regularly disrupts their activities and is accompanied by economic losses.

The Shaki-Zagatala economic-geographical region is known in the world as a classic flood region. Heavy floods in Shinchay, Kishchay, Kumrukchay, Talachay, Tikanlichay, Mukhakhchay, Demiraparanchay and other rivers, mainly in summer and autumn, bring more than 1 million m<sup>3</sup> of loose material (stone, sand and gravel)[10; 39]. This can reach 10 million m<sup>3</sup> every 20 years [12]. Along with the floody rivers, as most of the Katekhchay, Mazimchay and Balakanchay basins in the area are located in the Zagatala State Reserve, the erosion process is weak due to well-protected meadows and forests, and floods are rare. For example, on July 25 of 1963, 1.6 million m<sup>3</sup> of rock (the largest stone weighed 90 tons) was washed away by 4-5 km as a result of a flood in the Gunakhaysu River, the most flooded tributary of the Kumrukchay. This flood completely changed the riverbed, the flood sediments rose to a height of more than 10 m in some parts, seriously damaged settlements, farms and road infrastructure.

In the Shaki-Zagatala economic-geographical region, the settlement of population and agricultural areas are located along the line of river valleys flowing into the plains. This has made them more sensitive to flooding and led a number of facilities to be in direct contact with the flood [2; 196]. Due to the fact that the population lives mainly in the river basins, where floods are actively observed in the lowlands and foothills, private households suffer more from natural disasters [9; 164].

Measures taken to combat floods in the Shaki-Zagatala economic-geographical region in 1970-80 have yielded quite positive results. However, in the early 1990s, the transition of our republic to a market economy, the severance of old economic ties, the establishment of new ones etc. have led to interruptions in the implementation of flood control measures. This has resulted in an increase in erosion of the river basins and in fluvial sediments, as well as an intensification and escalation of floods.

According to the law of hydrodynamics, sediments brought by floods generally move in a straight line. This law is more clearly observed in the part of the import cones beyond the mountainous area. Therefore, mainly the central strip of the flood cones is sharply visible in the relief, taking a convex shape. Such bulge is especially evident in the Shin, Kish and Dashaghil rivers. The intensification of floods in rivers during the recent years is mainly due to the negative impact of humans on nature. The increase in anthropogenic burden has led to the deterioration of the ecological condition of the area and the destruction of the ecosystem.

Unfortunately, it should be noted that flood control is carried out only in places where flood materials are collected and collapsed. This is very little, it is a passive struggle. To prevent flooding, its hearths should be strengthened by planting grass and forest trees. So, the main task is to stop the development of eroded rocks that feed the flood in the floodplains, upstream rivers [1; 73]. Otherwise, the damage to surrounding areas and infrastructure during floods will be greater.

**Landslides**, one of the most common types of gravitational processes, occur mainly in mountainous areas. The existing tectonic and gravitational-tectonic disturbances on the watersheds of the headwaters and side ridges of the Greater Caucasus Mountains, where vertical amplitudes range from a few 10 m to 100 m, play a critical role in the development of landslides in the Shaki-Zagatala economic-geographical region. Such characteristic areas are observed in landslide sources of gravitational-erosion origin, which are the source of rivers. These processes continue the seismotectonic activity of the region.

During his field research, B.A.Budagov determined that the left slope of the tributaries of the

river valleys flowing from the southern slope of the Greater Caucasus, and the right slope of the left tributaries are steep. The asymmetrical structure of the river tributaries is because of the alternation of sandstones, sandy limestones, clayey shale layers in the area. As the rocks of the wet mountain rivers cut through the bedrock, the degree of adhesion at their heels sharply weakens and the balance is disturbed in the lower part of the slope [4]. The dynamics of landslides in the Gumbulchay-Katekhchay transverse uplift zone is also affected by the weakening of the connection between the individual blocks and their displacement along the slope due to the chemical erosion of rocks by tectonic faults and fractures. Such characteristic areas are also observed in the gravitational-tectonic landslide circuses developed in the Balakan-Zagatala ore zone [7]. However, anthropogenic influences make landslides more intense. As a result of improper economic activities of people, landslides intensify and destroy settlements, farms and roads.

In the Shaki-Zagatala economic-geographical region, very steep slopes and easy erosion of rocks cause landslides. Landslides regularly occur in 12 settlements with a population of 12094 people at an altitude of 0-500 m in the economic-geographical region, and in 8 settlements with a population of 17784 people at an altitude of 501-1500 m [8; 69]. At the same time, landslides are mainly observed in Mazimchay, Balakanchay, Kishchay, Shinchay basins [5]. Forest reclamation measures should be implemented to prevent landslides and reduce their movement.

The Shaki-Zagatala economic-geographical region has high (up to 8-9 magnitude) seismicity along with floods and landslides. The rocks of the Jurassic and Cretaceous periods of the Mesozoic era, which form the high and mountainous parts of the territory, are severely folded and cut by deep tectonic faults and fractures [3]. Occasional displacement processes occur during fractures, which are accompanied by *earthquakes*. Earthquakes were recorded as follows: in Shaki in 1903 (7.0), Zagatala in 1924 (7.0), Zagatala in 1936 (8.0), Oghuz in 1953 (7.0), and Zagatala in 2012 (6.5). The latest earthquake completely destroyed 250 buildings, damaged more than 2,000 buildings and severely harmed infrastructure, but no deaths were reported [8; 110-111].

Earthquakes create high problems for the settlement of the population and the territorial organization of infrastructure areas with its high risk. In order to eliminate the consequences of the earthquake in Zagatala in 2012 within the Shaki-Zagatala economic-geographical region, 609 million manats were allocated from the state budget. Most of the funds were spent on the construction of individual houses, schools and kindergartens, and the rest on the rehabilitation of road infrastructure and compensation to the population. The Ministry of Emergency Situations of the Republic of Azerbaijan carried out the task to eliminate the damage caused by the earthquake.


In general, the earthquake causes serious damage to infrastructure. The damage varies depending on the degree of physical damage to the area. It is commonly known that one of the main factors of urban planning is the availability of physical space to accommodate the growing population. In recent years, like the whole country, the area of settlements in the Shaki-Zagatala economic-geographical region has significantly expanded. This factor should be taken into account in the placement of new infrastructure facilities. Because there must be enough space for the renewal (reconstruction and improvement) of vital communication lines. Otherwise, there is a high probability that the settlement will become a more seismically dangerous or risky area. Rough slopes or artificial terrain intensify this process.

The above-mentioned forms of urban planning in our study area include Shaki and Zagatala. In them, the expansion of the city leads to the instability of infrastructure, which increases the amount of direct economic losses to some extent. As a result, economic base of the city is weakening, and potential opportunities for future development are declining. For example, the earthquake in 2012 damaged the transport sector, which led to disruptions in many sectors of the economy and inter-enterprise relations. In order to prevent such cases, earthquake risk areas should be taken into account during the construction of infrastructure facilities, construction and normative indicators should be developed and followed.

In addition to the frequent floods, landslides and earthquakes within our research region, the

torrential rains, heavy snow and frost, as well as overflow and flowage in the lower reaches of the Ayrichay shouldn't be forgotten.

Based on the research of N.A. Babakhanov and N.A.Pashayev, we tried to map the natural disasters observed in the Shaki-Zagatala economic-geographical region.



Picture-2. Frequent natural disasters in the Shaki-Zagatala economic-geographical region

## Conclusion

By determining the prevalence of natural disasters in the Shaki-Zagatala economic-geographical region, it is possible to more effectively plan the location of infrastructure facilities in the future. To do this, the area should first be studied in terms of relief, the intensity of natural disasters should be determined by analyzing the anthropogenic factors that affect it. Because the role of natural factors should be taken into account in the formation of infrastructure and the location of infrastructure facilities. Otherwise, the regional socio-economic policy will not be justified, and the newly created infrastructure areas will soon disappear.

## References:

1. Aliyev H.A. Budagov B.A. *Legendary mountains*. - Baku: Science, 2007.- 112 p.
2. Babakhanov N.A. *Natural disasters: their manifestations in Azerbaijan, damage caused, measures of protection against them*. - Baku: Science, 2013. - 256 p.
3. Babakhanov N.A. Pashayev N.A. *Economic and socio-geographical study of natural disasters*. - Baku: Science, 2004. - 198 p.
4. Budagov B.A. *Genetic types and zoning of landslides in the territory of the Republic of Azerbaijan // «Dangerous natural phenomena» scientific-practical conference*. - Baku: Science, 1994. - p. 101-109.
5. Budagov B.A. Nabiye V.N. *Landscapes of Alazan-Ayrichay basin*. - Baku: Science, 1979.- 112 p.

6. *Constructive geography of the Republic of Azerbaijan. Volume 1 in 3 volumes. - Baku: Science, 1996. - 268 p.*

7. *Guluzade V.A. Mardanov I.E. Aliyev Y.G. Impact of ecodynamic processes on the southern slope of the Greater Caucasus // «Natural destructive events of Shaki-Zagatala region and eco-geographical problems of regional development» scientific-practical conference. - Shaki: 2005. - p. 65-66*

8. *Pashayev N.A. Economic and geographical assessment for the impact of natural disasters on the economy in the Republic of Azerbaijan. - Baku: Europe, 2018. - 372 p.*

9. *Pashayev N.A. Influence of natural destructive events on the settlement of the population in the territory of Shaki-Zagatala economic region // «Actual problems of socio-economic development in the regions of the Republic of Azerbaijan» scientific-practical conference. - Baku: Baku University, 2005. - p. 164-166*

10. *Regional geographical problems of the Republic of Azerbaijan. The Shaki-Zagatala economic region. Edited by B.A.Budagov. - Baku: Nafta-Press, 2003. - 190 p.*

11. *Regions of Azerbaijan. Statistical compilation. - Baku: ARSSC, 2019. - 788 p.*

12. *Rustamov S.G. Mudflows in Azerbaijan and their hydrological nature // Materials of the V All Union Meeting on the study of mudflows and measures to combat them. - Baku: Academy of Sciences of Azerbaijan SSR, 1962. - p. 6-12*

ӘОЖ 189. 192. 34.33

*К.С. Болатбекова<sup>1</sup>, М.Б. Жақсыбаев<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ СУ ҚОЙМАЛАРЫНДАҒЫ БАЛЫҚТАРДЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

### *Аңдатпа*

Еліміз су қоймаларына бай және балық шаруашылығының дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Су қоймаларындағы балықтардың кәсіптік маңызы зор. Адамдарды балықпен қамтамасыз ету үшін табиғи суқоймалардағы кәсіптік бағалы балық аулау саласы еліміздің әрбір өңірлерінде жұмыс ретінде жасалып жатыр. Бағалы балық түрлерінің тауарлы балық ретінде өсірудің өзектілігі, табиғи суқоймаларда олардың қорының күрт төмендеуімен айқындалады. Шикізат қорының болжамдық бағалануына сәйкес аталған мәселелер осы күнге дейін сақталып келеді. Осыған байланысты тауарлы балық өндірісін дамытуға бағытталған және бағалы балық түрлерінің генофондын сақтауға арналған ғылыми-тәжірибелік іс-шараларды ұйымдастыру мүмкіндігі туындап отыр. Қазіргі кезде кәсіптік мақсатта ауланатын бағалы балықтардың құрамы белгілі болды. Қазақстан территориясында Қызыл кітапқа енген балықтар – бекіре, ақсерке, шортанның кейбір түрлері берілді. Мақалада қазіргі кездегі кәсіптік мақсатта ауланатын бағалы балықтардың 9 түрлік құрамы көрсетілді.

**Түйін сөздер:** балық шаруашылығы, аквакультура, ихтиология, ихтиофауна, Арал, Балқаш, Қапшағай.

Болатбекова К.С.<sup>1</sup>, Жаксыбаев М.Б.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан

## БИОЛОГИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА РЫБ ВОДОЕМОВ КАЗАХСТАНА

### Аннотация

Страна богата водоемами и располагает благоприятными условиями для развития рыбного хозяйства. Промысловое значение имеет рыба в водоемах. Для обеспечения людей рыбой на природных водоемах создается рыболовная отрасль в качестве рабочей зоны в каждом регионе страны. Актуальность товарного рыбоводства ценных видов рыб определяется резким снижением их запасов в естественных водоемах. В соответствии с прогнозной оценкой запасов сырья данные вопросы сохраняются и по сей день. В этой связи возникает возможность организации научно-практических мероприятий, направленных на развитие товарного рыбоводства, предназначенных для сохранения генофонда ценных видов рыб. В настоящее время известен состав ценных рыб, выловленных в промысловых целях. В водоемах Казахстана обитают некоторые виды рыб, занесенных в Красную книгу – осетр, аксерке, щука. В статье отражено 9 видов ценных рыб, выловленных в промысловых целях.

**Ключевые слова:** рыбное хозяйство, аквакультура, ихтиология, ихтиофауна, Арал, Балхаш, Капшагай.

*K. Bolatbekova<sup>1</sup>, M. Jaksibaev<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Abai Kazakh national pedagogical university,  
Almaty, Kazakhstan*

## CULTIVATION OF COMMERCIAL VALUABLE FISH IN KAZAKHSTAN, MODERN STATUS AND PERSPECTIVES

### Abstract

The country is rich in reservoirs and favorable conditions for the development of fisheries. Fish in reservoirs are of great commercial importance. In order to provide people with fish, the profession of professional fishing in natural reservoirs is being developed in every region of the country. The relevance of commercial fish farming of valuable fish species is determined by a sharp decrease in their stocks in natural reservoirs. In accordance with the forecast assessment of the raw material base, these issues are up to date keeps. In this regard, it is possible to organize scientific and practical activities aimed at developing commercial fish farming and preserving the gene pool of valuable fish species. On the territory of Kazakhstan was transferred to some species of fish listed in the Red book – sturgeon, exerce, pike. Currently, the composition of valuable commercial fishing is known. The article reflects 9 species compositions of valuable fish extracted for modern commercial purposes.

**Keywords:** fisheries, aquaculture, ichthyology, ichthyofauna, Aral, Balkhash, Kapshagai.

Құбылмалы бахтақ, немесе болатбасты албырт балығының тұщы су формасы (*Salmo gairdneri Richardson*) - *Salmo Linne* туысына, *Salmonidae* албырттар тұқымдасына, *Salmoniformes* албырт тәрізділер отрядына жатады.

Көбінесе, биологиялық ерекшелігіне байланысты бахтақ балығы таулы суларды мекендейді. Мекендеу ортасы - суы таза, мөлдір және салқын болып келетін тау бұлақтары мен бастаулары болып табылады. Табиғи мекендеу ареалы Мексикадан Аляскаға дейін созылады [1].

Қазақстан бойынша бұл балықтың түрі кеңінен зерттелген және толық морфометриялық сипаттамасы жасалған. Бахтақты тау суларына жерсіндірудің нәтижесінде бахтақтың бастапқы генерациясы және одан кейінгі 5 ұрпақтың морфологиясы толық зерттелген. Зерттеу нәтижелері «Рыбы Казахстана» 5-ші томында сипатталған [2].

А.Ф. Сидорованың жұмыстарында Т. Көлсайдағы бахтақтың туыстық байланыстары бойынша 5 генерация ұрпағының биологиясы зерттелді. Автор өзінің жұмыстарында жерсіндірілген түрдің санының реттелгендігін атап өткен [3].

Отандық зерттеушілер құбылмалы бахтақтың бастапқы генерациясы 3-4 рет уылдырық шаша алатындығын көрсеткен. Балықтардың уылдырық шашу мерзімінің басталуы су температурасының орташа жылдық температурасына байланысты және - қыс айларында температура неғұрлым жоғары болса, өрістеу процесі соғұрлым жылдам немесе ертерек басталатындығын анықтаған [4]. Шелек өзенінің сағасындағы экспериментальді тоғандарда судың температурасы қыста түнгі уақыттары 5-6<sup>0</sup>С-тан төмен түспеген (сирек жағдайда ғана 3- 4<sup>0</sup>С болған), осындай кездері бахтақтың уылдырық шашуы қаңтар айының соңы мен ақпан айының басында басталған. Бұл кезде бахтақ балығының аталықтары арнайы ұяшықтар жасап, майда тастардың үстінен орын дайындаулары байқалған. Ал бахтақтың жаппай жетіліп, өріске шығуы наурыз айының соңы мен сәуір айларына, кейбір жағдайларда мамыр - маусым айларының бастапқы кезеңіне келген. Бұл Шелек өзені үшін және Көлсай көлдеріне тән ерекшеліктер болып саналады.

Бекіре– өздеріне ғана тән белгілерінің бірі – олардың денесінде ұзына бойы созыла орналасқан бес қатар мүйізді шытыралары болады. Біреуі – жон арқасында, екеуі – бүйір тұсында және екеуі – құрсақ жағында орналасқан. Жон арқасындағы 11-16 ірі мүйізді шытыралары денесіндегі басқа шытыралардан ірі болып айқын көрініп тұрады. Кәдімгі бекіре балығының дене пішіні біршама жұмырланып, тұмсығы конус тәрізді созылыққылау келеді. Мұртшалары шашақ тәрізді. Астыңғы еріні тұтас, яғни ортасынан тілімделіп бөлінбеген. Көзінің артқы тұсында желбезек саңылауының қалдығы ретінде бүртпе тесігі сақталған. Оның қаңқасында сүйектен гөрі шеміршектер басым. Оның тіршілік ұзақтығы 35-36 жыл. Ертерек кезде кәдімгі бекіре кеңінен таралса, кейінгі уақытта оның қоры едәуір азайған. Оның қорын молайту мақсатында 1933-1934 жылдары Балқаш-Іле бессейндеріне жерсіндіріліп, қазіргі кезде кәсіптік мәні бар балықтарға айналып отыр.

Бекіре ересектерінің денесінің ұзындығы 2 метрге жетсе, салмағы 80 кг тартады. Мұндай ірі бекірені ертеде түйеге тендегенде, оның басы мен құйрығы түйенің шом ағашынан асып тұратын болған екен. Кәдімгі бекіренің аталығы 9-13 жылда, ал аналығы 13-16 жылда жетіледі. Уылдырықтарының саны орта есеппен 600 мыңдай. Ересектері 2-3 жылда бір рет уылдырық шашу үшін көкек - мамыр айларында өзенге көтеріледі. Каспий теңізіндегі кәдімгі бекірелер көбіне Жайық өзенін өрлей жүзіп, Орынбор қаласына дейінгі аралықта уылдырық шашады. Оның бірінші-екінші жылғы шабақтары Жайық өзенінде қыстап шығады. Жайық өзені бекіре балықтарының уылдырық шашуы үшін өте қолайлы табиғи орта болып саналады. Осыған орай, Жайық өзенін бекіре балықтарының отаны деп атайды. Аталған балықтардың бұрынғы таралу аумақтарында қорының азайып кетуіне өзен суының ластануы, өзен суын ретсіз бұрып тастау, уылдырық шашатын орындарының қолайсыз жағдайларға айналуын және басқа балық түрлерін жерсіндіру басты себеп болып отыр. Кәдімгі бекіренің ересектері көбіне басқа ұсақ балықтармен, олардың шабақтарымен және ұлулармен, ал оның шабақтары көбіне жәндіктердің дернәсілдерімен қоректенеді. Қазіргі кезде кәдімгі бекіре бұрынғы таралу аумақтарында сирек кездесетіндіктен, әрі саны аз болғандықтан Халықаралық Табиғат Қорғау Одағының (ХТҚО) және Каспий теңізінің жағалауында орналасқан барлық мемлекеттердің Қызыл кітаптарына қатаң қорғауды талап ететін санаттарына енген. Ол Қазақстанның Қызыл кітабының (2010) жойылып кету қаупі төнген 1-санатында тіркелген. Еліміздің баға жетпес байлығы болып саналатын, әрі ежелгі түр ретінде қорғау қажеттігін жергілікті тұрғындарға кеңінен насихаттау қажет [5].

Майқап – Қазақстандағы албырттардың бір өкілі. Оңтүстік Алтай өзендері мен Марқакөл көлін мекендейді. тұщы су албырт балықтар тұқымдасынан. Ұзындығы 70 см дейін, салмағы 6 кг дейін жетеді. Мамырдан шілдеге дейін уылдырық шашады. Ол кезде балықтардың аналықтарының денесінде қызыл дақтар пайда болады. Өсімталдығы 3—7 мың уылдырық. Шабақтары су түбінде омыртқасыздармен, ал ересектері, омыртқасыздар, балықтар, уылдырық және албырт балықтардың шабақтарымен қоректенеді. Жергілікті кәсіпшілік және спорттық балықтар ретінде ауланады [6].

Шортан Қазақстанда шортандар ағыны жай өзендер мен су маңы өсімдіктері жақсы жетілген көлдерде кездеседі. Ол жыртқыш балық, өте күшті және шапшаң қимылдайды. Олардың ұзындығы 70 см-ге, салмағы 6 кг-ға дейін жетеді. Шортандардың ірілері ғана болмаса, көпшілігі таяз суларда тіршілік етеді. Шортан көктемнің алғашқы айларында су жағасына жақын, таяз, шалшықты жерлерде уылдырық шашады. Ол өте сақ балық. Өйткені шортанның жаулары да көп. Жайын, құндыз және жыртқыш құстардың көпшілігі-ақ шортанмен қоректенеді. Оны адам да аулайды.

Торта өте кең таралған, өзгергіш тұщы су балығы. Тортаның бірнеше түршелері бар, халық оны әртүрлі атпен атап, әрқайсы жеке түр деп есептейді. Қара теңіз су қоймасында – тыран балық, Каспийде – Каспий тортасы, Аралда – Арал тортасы, Ыстықкөл мен Сібірде – кергек балық тіршілік етеді. Көзінің қызыл сары түсті сыртқы мөлдір қабығы жоғарғы жағындағы қызыл дағымен ерекшеленеді. «Өтпел» түрлер (яғни теңізде тіршілік етіп, өзендерде уылдырық шашады) – тыран, торта балықтар және де «тұрғылықты» (яғни уылдырығын тіршілік ететін жерінде шашады) торта балықтар. Қоректенуі әртүрлі – өсімдік, әрі жануартекес (жәндіктер дернәсілі, шаянтәрізділер, ұсақ былқылдақ денелілер) қоректер. Ірі болып өспейді, кәсіптік аулауда 18-35 см балықтар басым. «Өтпелі» түрлердің кәсіптік маңызы зор, оларды уылдырық шашу немесе қыстар алдындағы жиналған жерінде аулайды. Бұл балықты жаңа ауланған, тұздалған, қақталған күйінде жейді.

Табан тұқы балықтар отрядының бағалы кәсіптік балығы. Денесі екі жағынан жалпақ, ұзындығы 45 см, салмағы 2,5-3 кг. Кішкентай табандар күмісше жалтыраған сұр түсті, есейе келе алтын сияқты жалтырайды. Табан – түбі құм, лай, сазды және тыныш, суы жылы өзендер мен шығанақтарда тіршілік етеді. Қазақстанда әуелден Каспий мен Арал теңіздері су қоймаларында қоныстанған. Ертіс, Балқаш, Талас су қоймаларында, Солтүстік және Орталық Қазақстан көлдерінде ойдағыдай жерсіндірілген. Уылдырықты ерте көктемде шашады, көбіне торта балықпен бір мезгілде, сондықтан осы екі түрдің буданы жақсы белгілі. 3-6 тәуліктен кейін өсімдікке жабысқан уылдырықтан дернәсілдері шығады. Олар тағы екі тәулігін өсімдікке жабысып өткізеді. Алғашқы кезде шабақтар ұсақ су жәндіктерімен, одан кейін су түбі жәндіктерінің дернәсілімен, өсе келе былқылдақ денелілер мен ұсақ шаянтәрізділермен қоректенеді. Табан балықтың жоғары сапалы тамақ ретінде кәсіптік және әуесқой жолмен аулауда зор маңызы бар.

Сазан - тұқы балық тұқымдасының ірі балығы, мәдени тұқының жабайы шыққан тегі. Тығыз жалпақ денелі, денесі жасыл-сұр, кейде сары түсті, ол тығыз ірі қабыршақпен қапталған. Тез өседі, екінші жылдың соңында ұзындығы 30 см, салмағы 0,5-0,6 кг-ға жетеді (ең үлкені 2 метрге дейін өсіп, салмағы 20 кг). 30 жылға дейін өмір сүреді. Қазақстанда барлық жарамды су қоймалары, көлдер және ну өсімдікті өзен шығанақтарында мекендейді. Қорек талғамайтын балық. Кәсіптік түр болып табылады, оны кәсіптік деңгейде де, әуесқойлар балықшылар да аулайды. Адам әуелден қалантырды «Үй балығына» айналдырды. Басқа балықтармен салыстырғанда судағы оттегі құрамын көп талап етпейді, оның уақытша төмендеуіне шыдай береді, тоғандағы жағдайға тез үйренеді. Көп ғасырлық сұрыптау нәтижесінде тұқы балықтың бірнеше түрі алынған, солардың ішіндегі көпке әйгілісі – жалтырауық тұқы. Айна сияқты екі бүйірін жауып тұратын үлкен қабыршақтары үшін осылай аталған.

Мөңке-тұқы тұқымдастың орта пішінді балығы. Ертеден тоғандарда өсірілетін көпшілікке



белгілі балық, барлық жерде жерсіндірілген, қазір оның алғашқы таралу аймағы қайда екенін айту қиын. Оның биологиялық ерекшелігі қызық – табиғатта бір жынысты тобы ғана белгілі, ол аналықтан ғана тұрады. Көбеюі үшін басқа туыс аталықтары – оңғақ, тұқы және басқалар жеткілікті, даму кезеңінде тек аналығының белгілерін ғана алады. Сондықтан тоғандық өсіру кезінде, тек аналықтарынан тұратын тобын пайдаланады. Бұл – кішілеу, ұзындығы 45 см, салмағы 1 кг (кейде 3 кг) балық, су ұсақ жәндіктерімен қоректенеді. Қазақстанда Каспий, Ертіс су қоймаларында, Солтүстік және Орталық Қазақстанның тұйық су жүйелерінде, Сарысу мен Сырдария өзендерінде мекендейді, көптеген тоғанды шаруашылықтарда да өсіріледі. Көпке таныс керемет әсем – аквариумдық алтын балық, ол осыдан 1000 жыл бұрын Қытай мөңке балығынан алынған. Ұзақ сұрыптау нәтижесінде Қытай, Корей және Жапонияда бұл сәндік балықтың бірнеше жүздеген түрі шығарылды.

Балқаш алабұғасы Балқаш-Алакөл су қоймасының эндемигі, өсімдігі мол өзендер мен көлдерде тіршілік етеді. Уылдырық шашу үшін Балқаштан Ілеге шығады. Бұл – кішілеу, ұзындығы 0,5 м, салмағы 1,5 кг, тікенекті жүзу қанаты бар, төменгі жағы алға шығыңқы балық. Ұсақ және талма балықтармен, кейде өз ұрпақтарымен де қоректенеді. 1961 жылға дейін Балқашта жылына 2300 тонна алабұға аулайтын, бірақ оның саны күрт азайып, қазір Қазақстан Қызыл кітабына және Халықаралық Қызыл кітапқа енгізіліп отыр. Санының азаюын, ғалымдар басқа жаңа жыртқыш балықтарды (көксерке, жайын, ақмарқа) кеңінен жерсіндіру әсері және судың гидрологиялық құрамының бұзылуына байланысты дейді. Біздің суаттарымызда Балқаш алабұғасынан басқа кәдімгі алабұға да тіршілік етеді.

Қорыта келе, қазіргі таңда дүние жүзінде шешімі қиын екі мәселе тұр, ол азық-түліктің жетіспеушілігі және биоалуантүрліліктің азайып, яғни табиғи ортадағы өсімдіктермен жануарлар әлемінің жойылуы. Қалайда болса осы мәселелердің ерте ме, кеш пе шешімін табу қажет. Дегенмен бұл мәселелердің шешімі екі жақты. Бірақ табиғи ортадағы балық қорын ауламай-ақ және жоймай-ақ олардың санының көбеюіне қол жеткізуге болады.

Қазіргі кезде суқоймадағы ихтиофаунаның жалпы түрлік құрамы 33 түрді құрайды. Оның ішінде кәсіптік бағалы маңызы бар деп есептелетін 14 түрі бар. Соның ішінде тек 9 түрі ғана кәсіптік мақсатта ауланады, 4 түр қызыл кітапқа енген және саны азайған түрлер болып есептеледі.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. *Гиляров М.С. Биологический энциклопедический словарь под редакцией. – М.: 1986.*
2. *Митрофанов В.П., Дукравец Г.М., Песериди Н.Е. Рыбы Казахстана Том 5 Алма-Ата, Ғылым. 1992. - 272 С.*
3. *Титарев. Ф. Форелеводство. – М.: Пищевая промышленность, 1980. - 166 с.*
4. *Саидов Ю.С., Магомедов Г.М. Сравнительно-морфологические основы систематики форелей и каспийского лосося. – М.:1989. 108 стр.*
5. *Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Биология / Жалпы редакциясын басқарған профессор Е. Арын – Павлодар: 2007 - 1028 б.*
6. *Энциклопедия Құрастырған: Райымбеков Қ.Ж, Байғабылова Қ.Т. Қазақстандағы жануарлар әлемі. Ғылыми көпшілік басылым. – Алматы: «Алматыкітап» ААҚ, 2003. – 128.*



## ПӘНДЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ДИСЦИПЛИН METHODICAL ASPECTS OF DISCIPLINES

ӘОЖ: 57:37.016

Ә.М. Бабашев<sup>1</sup>, Н.Б. Бекен<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

### ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДЫ БАҒДАРЛАМАМЕН БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

*Аңдатпа*

Жаңартылған білім беру бағдарламасы мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы.

«Жаратылыстану» және «Биология» пәндері бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары оқушылардан өздерінің дағдыларды үйренуі туралы ой-пікірлерін білдіріп, оны талдай және бағамдай білуді талап етеді. «Биология» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша критериалды бағалау және оқытуды жоспарлау» тарауында қарастырылатын бағалау тәсілдері де маңызды болып табылады. Сонымен қатар, педагогиканың түрлі аспектілері, атап айтқанда, оқушыға бағдарланған әдіс-тәсілдер, мәселелерді шешу, рефлексиялық оқу және бірлескен оқу тәсілдері қарастырылады.

**Түйін сөздер:** жаратылыстану, биология, білім, бағдарлама, жаңартылған, әдістеме, ой, пікір, әдіс-тәсілдер, талдау.

*Бабашев А.М.<sup>1</sup>, Бекен Н.Б.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан

### ЭФФЕКТИВНОСТЬ ОБУЧЕНИЯ БИОЛОГИИ С ОБНОВЛЕННЫМ СОДЕРЖАНИЕМ ПРОГРАММЫ

*Аннотация*

Обновленная образовательная программа, которая является частью образовательного процесса нашей страны, - это новая программа, отвечающая потребностям будущих поколений в соответствии с современными требованиями. В связи с этим перед учителями стоит задача постоянно обновлять методы обучения и осваивать технологии, чтобы уметь эффективно их использовать. Рост и процветание любой страны, ее место в глобальном мире зависит от уровня ее национальной системы образования, направления развития.

Как говорится, «будущее образованного поколения не будет безрадостным», главное

требование сегодняшнего дня - качественное, содержательное, нравственное воспитание и образование подрастающего поколения [1].

Цели учебной программы по биологии и естествознанию требуют от студентов способности выражать, анализировать и оценивать свои навыки. Также важны методы оценивания, рассмотренные в главе Критериальное оценивание и планирование преподавания по дисциплинам «Биология» и «Естествознание». Кроме того, рассматриваются различные аспекты педагогики, в частности подходы, ориентированные на учащихся, решение проблем, рефлексивное чтение и совместное обучение.

**Ключевые слова:** естественные науки, биология, образование, программа, обновленное, методология, мысль, мнение, методы, анализ.

*A. Babashev<sup>1</sup>, N. Beken<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Kazakh national pedagogical university named after Abai,  
Almaty, Kazakhstan*

## **THE EFFECTIVENESS OF TEACHING BIOLOGY WITH UPDATED PROGRAM CONTENT**

### *Abstract*

The updated educational program, which is part of the educational process of our country, is a new program that meets the needs of future generations in accordance with modern requirements. In this regard, teachers are faced with the task of constantly updating teaching methods and mastering technologies in order to be able to use them effectively. The growth and prosperity of any country, its place in the global world depends on the level of its national education system, the direction of development. As they say, «the future of the educated generation will not be bleak», the main requirement of today is high-quality, meaningful, moral upbringing and education of the younger generation [1].

The objectives of the biology and science curriculum require students to be able to express, analyze, and evaluate their skills. Also important are the assessment methods discussed in the chapter Criteria assessment and teaching planning in the disciplines «Biology» and «Science». In addition, various aspects of pedagogy are considered, in particular student-centered approaches, problem solving, reflective reading and collaborative learning.

**Keywords:** natural sciences, biology, education, program, updated, methodology, thought, opinion, methods, analysis.

Жаңартылған бағдарлама бүгінгі күннің талабына сай болашақ ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама саналады. Демек, оқу жоспары белгілі бір білім беру материалын беруге емес, күтілетін нәтижелер жүйесіне бағытталған бағдарлама. Мысалы биологияны жаңартылған бағдарламамен оқыту оқушыларға биологиялық процестердің мағынасын, негізгі заңдары мен заңдылықтарын түсініп, оларды шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алуға, сонымен қатар, эксперименттік және тәжірибелік дағдыларын дамытуғы негізделген [1].

Жаңартылған бағдарлама ұстаздар алдына оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оларды тиімді қолдана білу міндеттерін қояды. Еліміздің өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орынын алуы, Отанымыздың ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» демекпіз, демек жас ұрпағына сапалы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің басты талабы. Выготский А.С. өз еңбегінде « ... білім беру оқушының кешегі күніне емес, ертеңгі күніне көзделуі тиіс, яғни дұрыс ұйымдастырылған

мазмұнды оқыту үрдісі адымызда жүріп, даму үдерісін жетілдіруді керек деген сөз [2].

Жаратылыстану пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы мәселелерді анықтап, зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды қысқа мерзімді сабақ жоспары барысында көз жеткіздік. Биология пәнінің берілу кіріктірілген білім беру бағдарламасында өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір – бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі [3].

Оқыту әдістерінің барлық аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді (Hattie, 2011) [4]. Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың оқуды алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып, жаңа білім алуын көздейтін тұжырымдамаға негізделген. Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болмақ. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларын, алған білімін қолдануына кері әсерін тигізеді. Оқушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысуы керек. Оқушыларға алған білімдерімен жұмыс істеуге, оны әрі қарай өңдеп, өз дағдыларын арттыруға мүмкіндік беретін жаттығу орындауға мүмкіндік беру аса маңызды болып табылады [5].

Биологияны оқытуда педагогикалық тәсілдерді іске асыру үшін сабақта төмендегідей жұмыс түрлерін қолдану қажет:

- эксперименттік жұмыс;
- ойын / модельдеуді қолдану;
- биология мәселелері бойынша түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты таңдау (мысалы, генетикалық түрлендірілген өнімдердің әсері, адамды клондау, органдарды трансплантациялау), талдау жүргізу, алынған ақпаратты салыстыру және шынайы бағасын ұсыну;
- биология саласындағы түрлі мәселелерді зерттеуге бағдарланған эксперимент құрастыру және өткізу (мысалы, Қазақстанның экологиялық мәселелері);
- биологиялық үдерістер мен табиғи құбылыстарды ұғыну, түсіндіру және болжау үшін модельдеудің түрлі тәсілдерін қолдану.

Оқу үдерісінде мұғалімдер оқушыларға оқу жоспарында ұсынылатын тапсырмаларды орындай отырып, оқу мақсаттарына жетуге көмектесетін бірқатар педагогикалық тәсілдерді пайдаланғаны жөн. Елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін мектеп табалдырығынан бастап-ақ білім мен ғылымды ықпалдастырып, ғылыми ойлау қабілетін дамыту қажет. Бұл үшін мектептегі зерттеушілік және инновациялық қызметтің ауқымын кеңейту керек. Биология мұғалімінің аса маңызды міндеті оқушының бойында қарапайым зерттеу жүргізу; табиғи биологиялық құбылыстардың, үдерістердің, заңдар мен заңдылықтардың мәнін түсіну үшін зерттеу жұмысын жүргізу үшін зияткерлік, шығармашылық қабілеті мен сын тұрғысынан ойлау дағдысын дамыту болып табылады.

Сәйкесінше, оқу оқушылардың ойлауын дамытуға септігін тигізуі үшін оларды біліммен қатар, ақыл-ой қызметінің тәсілдерімен қаруландыру қажет, яғни оларда ойлау операцияларын дамытып, талдау, жинақтау, салыстыру, сәйкестендіру, ортақ, жеке және ерекше белгілерін анықтау, дерексіздендіру, жалпылау, қорытындылар жасай білуді қалыптастыру қажет [6].

Оқу үдерісінде оқушылардың бойында теориялықпен қатар, тәжірибелік ойлау дағдыларын қалыптастыру қажет. Мұғалімнің негізгі міндеті оқуды тәжірибелік дағдыларға, білімді қолдану, жеке жобаларын іске асыру қабілетіне бағдарлау болып табылады.[7]

Оқу үдерісінің тиімділігін арттыру көп жағдайда оқу үдерісінде оқушылардың танымдық белсенділігін дамытатын, оқу үдерісінің қарқынын арттыратын оқыту нысандары мен әдістерін пайдалануға байланысты. Жаратылыстану мен биологияны оқытуда оқытуды ұйымдастырудың төмендегідей түрлері кең тараған: сабақ, семинар, конференция, дәріс, практикум, экскурсия, факультативтік сабақтар және әңгіме, сұхбат, кітаппен жұмыс, бақылау, эксперимент, микроскоппен жұмыс, экрандық құралдарды қарау, тәжірибелік жұмыс сияқты әдістер. Сонымен қатар, оқыту әдістері модельдеу, ой үлгілерін құру, математикалық модельдеу деген әдістермен толықтыруға болады [8-9].

Биология жаратылыстану сабақтарын келесі түрлерге бөледі:

- жаңа материалды үйрену сабағы;
- білімді тәжірибеде қолдану сабағы;
- оқу материалын бекіту және қайталау сабағы; білімді бақылау және есепке алу сабағы;
- құрамдастырылған сабақ.

Сабақтың түрін таңдау сабақтың дидактикалық мақсатына байланысты жүзеге асырылады. Жеке, жұптық, топтық және ұжымдық жұмыс сабақтың барлық түрлеріне ортақ нысан болып табылады.

Семинар сабақтарда оқушылар әртүрлі әдеби дереккөздерді пысықтап, алдын ала құрастырылған жоспармен дайындалады. Сабақта олардың қандай да бір сұрақтың мәнін айтып беру ғана емес, сонымен қатар оның әртүрлі мақалаларда баяндалуын салыстыруға, өз пікірлері мен көзқарастарын білдіруге мүмкіндігі бар. Бұл оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамытуға, әдебиет көздерімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға жәрдемдеседі. Оқу үдерісінде мұғалім сырттан бақылаушы адам емес, ол әртүрлі жолдармен және тәсілдермен олардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастырады. Тәжірибеде биологияны оқытудың әртүрлі әдістері қалыптасқан, оларды неғұрлым маңызды ортақ белгілері бойынша топтастыруға болады: білім алу көзі, мұғалім іс - әрекетінің сипаты, оқу үдерісіндегі оқушылардың іс-әрекеттерінің сипаты. Оқушылардың танымдық іс-әрекеттерінің сипатына, оқудағы олардың дербестік деңгейіне байланысты әрбір әдісті түсіндіруші-көрнекілік, ізденістік, зерттеушілік тұрғыдан пайдалануға болады. Биологияны негізгі мектеп сыныптарында оқытқан кезде түсіндіруші-көрнекі және ізденістік тәсілдер жиі қолданылады, себебі оқушылардың жас ерекшеліктері, олардың дайындық деңгейі мұғалімнің араласуын, көбірек уақыт бөлуді талап етеді. Сыныптан тыс жұмыста зерттеу тәжірибелері мен бақылау анағұрлым көбірек қолданылады. Әдістердің тиімділігі мұғалімнің оларды әдістемелік тәсілдермен байыта білуіне байланысты. Әңгімелеу, сұхбаттасу барысында табиғи объектілерді, суреттемелерді, сызбаларды, жүйелеуші және жинақтаушы кестелерді епті пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, негізгі материалды игеруге жағдай жасайды. Әдістемелік тәсілдердің көмегімен әдістер құнарлана түседі, олардың тиімділігі артады. Әдістемелік тәсілдер әдістермен тығыз байланыста сипатталады [10].

Биологияны оқыту үдерісінде әдіс таңдаған кезде оқу материалының мазмұнын және шешілуге тиісті нақты оқу-тәрбие міндеттерін, биология кабинетінің оқу жабдығымен жабдықталуын, үлестірмелі материалдың болуын, оқушылардың жас ерекшеліктерін, олардың дайындық деңгейін ескеру қажет.

Негізгі мектепте биологияны оқыған кезде бастапқы кезде әңгіме уақыт жағынан қысқа ғана, материалдың шағын бөлігін қамтиды. Біртіндеп оқушылардың білім қоры артқан сайын, ол уақыт ұзара бермек. Әдетте әңгіме басқа әдістермен бірге қолданылады (бейнефильм, таныстырылым, тәжірибе нәтижелерін көрсету, бақылау және басқалары). Әрбір сабақта дерлік әңгіме барысында түрлі көрнекілік құралдары қолданылады. Әңгіме барысында оқушылардың алатын білімі үзік-жұлық, шашыраңқы болмағаны маңызды. Баланың алатын білімі біртұтас сипатта болуы үшін әңгіме барысында жаңасұрақтар алдыңғылармен қисынды түрде байланыса отырып, жаңа ұғымдарға негіз болуын үнемі бақылау қажет. Мысалы, «Су мен минералды заттардың ағаш сабағымен жылжуы» тақырыбын зерделеген кезде заттардың сабақ бойымен жылжуы туралы материалды өсімдіктерде болатын көктемгі шырын қозғалысымен, шырынды жинаймын деп сабақты зақымдаудың өсімдік ағзасына зиянды әсер ететінімен байланыстыруға болады. Осы мақсатта мына сұрақтар бойынша әңгіме ұйымдастырған орынды: ағаш пен бұталарда шырын қозғалысы қай мезгілде жүреді? Шырын сабақтың қай қабатынан ағады? Ағаш үшін шырын жинау зиянды ма? Шырын жинағаннан кейін ағаш шіріп кетпес үшін не істеу қажет?

Жаратылыстану мен биология бойынша оқу бағдарламалары оқытуда зертханалық тәжірибемен қатар, демонстрациялық тәжірибелерді де қолдануға бағдарлайды. Оның үстіне, мектеп эксперименті тірі табиғатты тану жолдарын іздеуді талап ететіндіктен, оқушыларды дәлдікке, ұқыптылыққа үйретеді, олардың ойлау қабілеттерін дамытады.

Зертханалық жұмыстар. Орта мектеп оқушыларының барлығы жасына, тұрғылықты жеріне қарамастан биология бойынша ғылыми эксперимент жүргізуді бірдей қажет ететінін ғалымдар әлде қайда дәлелдеген (Felder және Brent, 2004). Фридман (1997) оқушылардың биологияны оқуға уәжі оқушылардың қызығушылықтарына ғана байланысты емес, бұл сондай-ақ арасында зертханалық жұмыстар да кездесетін белгілі бір үйретуші жағдайлардың нәтижесінде болуы мүмкін екенін айтқан. Оқушыларды бұл тәсілді зерттеуге зертханалық жұмыстар жүргізу арқылы тартқан кезде, оларда білуге құмарлық, шығармашылық тәсіл, мәселелердің шешімін таба білу және табандылық сияқты сапалар, ғылым әлемінде өте маңызды болып табылатын сапалар дамиды.

Биология бойынша ғылыми тәжірибе орындаған кезде бұл жұмыстың әртүрлі кезеңдерінде ақпараттық технологияларды пайдалану мол мүмкіндік береді. Биология сабақтарында ғылыми тәжірибе жүргізген кезде көптеген өзекті ақпаратты табуға мүмкіндік беретіндіктен, жаңа технологиялық құрылғылардың маңызы зор (Choppin, 2004) [11-14].

Заманауи компьютерлік бағдарламалар зертханалық жұмысты модельдеуге мүмкіндік береді. Көптеген дүниені оқушыларға түсінікті ету үшін олардың үлкен тәжірибелік мәні бар, себебі бағдарламалардың көмегімен оқушылар биологияны көру және есту арқылы игереді. Жаңа технологиялық ресурстарды пайдалану биология бойынша мектеп зертханаларындағы жағдайды өзгертуге көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар оқушыларда проблеманы шешу қабілеті мен сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға; жаттығудың білімдік маңызын арттыруға; оқуға деген қызығушылығын арттыруға; бүкіләмір бойы жаңа ақпаратты алу және пайдалану үшін қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Ақпараттық технологиялардың ерекшеліктерінің бірі – оқушыларды зерттеушілік баяндама жазуға, топта жұмыс істеуге және ғылыми этиканы игеруге үйретудің жаңа тәсілдерін ұсынатындығы. Биологияны электронды ресурстардың көмегімен оқитын оқушылар бұндай нұсқаулықты мұғалімдерден алған кездегіге қарағанда, тәжірибені аяқтауға азырақ уақыт жұмсайды (Ulerich және басқ., 1998) [15].

Қорытындылай келе, жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. *Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.*
2. *Оқу бағдарламалары 7-9 сыныптар, 2018 ж.*
3. *Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі. – Қарағанды, 2018. 25-28 бет.*
4. *Валиева М. Жаңартылған білім беру технологиялары және оларды оқу тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. Алматы, 2019 ж.*
5. *Торманов Н.Т., Абшенова Л.Ү. Биологияны оқыту әдістері. Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 196 б*
6. *Olin JT, Dimmen AC, Subudhi AW, Roach RC Cerebral blood flow and oxygenation at maximal exercise: the effect of clamping carbon dioxide. Respir Physiol Neurobiol. - Liverpool: Vectory, 2011. - P.- 176–180.*
7. *Amann M, Kayser B (2009) Nervous system function during exercise in hypoxia.// High Alt Med Biol. - 2008. - №3. - P.149–164.*
8. *Nybo L, Rasmussen P Inadequate cerebral oxygen delivery and central fatigue during strenuous exercise.// Exerc Sport Sci Rev. 2007. - №6. - P. 110–118.*
9. *Subudhi AW, Dimmen AC, Roach RC 2007 Effects of acute hypoxia on cerebral and muscle oxygenation during incremental exercise.// J Appl Physiol. 2009 №10. - P. 177–183.*
10. *Vogiatzis I, Louvaris Z, Habazettl H, Athanasopoulos D, Andrianopoulos V, et al. Frontal cerebral cortex blood flow, oxygen delivery and oxygenation during normoxic and hypoxic exercise in athletes.//J Physiol. 2011 № 589. - P. 4027–4039.*
11. *Аскарова З.А., Сраилова Г.Т. Студенттердің оқу үдерісіне бейімделу барысында гемодинамикалық көрсеткіштерінің өзгеруі // Известия НАН РК, серия биологическая и медицинская. - 2012. - №4 (292). - С.9-10.*
12. *Антипов, Игорь Викторович. Влияние гипоксических и гипоксически - гиперкапнических газовых смесей на функциональные резервы организма человека : дисс. ... канд. биол. наук : 03.00.13.- Ульяновск, 2006. - 61 с.*
13. *Несіпбаев Т. Адам және жануарлар физиологиясы. – А.: Алматы, 2003. –Б. 67-73.*
14. *Галанцев В. П. Проблемы изучения стратегии эволюционного формирования адаптаций вторичноводных амниот: основные понятия, методологические подходы, задачи // Структурно-функциональные основы приспособительных реакций на разных уровнях организации живых систем. – СПб.: Питер, 2001. – С. 91-104.*
15. *Бойко Е.А. Энциклопедия дыхательной гимнастики. – М.: Медкнига, 2001. - С. 65 - 70.*

ӘОЖ 54: 372.8  
FTAMP 31.01.45

Т.Т. Кужакова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## DISCORD, ZOOM ПЛАТФОРМАЛАРЫН ҚОЛДАНЫП, ОРГАНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПОЛИМЕРЛІ ҚОСЫЛЫСТАРДЫ ҚАШЫҚТЫҚТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада ғылым мен инновациялық технологияның дамуы арқасында заманауи жетістіктерге негізделген қашықтықтан білім беру жүйесі туралы қарастырылады. Себебі, әлемде болып жатқан жұқпалы дертке байланысты бұл тақырып өзекті мәселе болып табылады. Қашықтықтан оқыту білім жүйесі - жұмыстан қол үзбей қолайлы уақытта кез-келген жерде географиялық, әлеуметтік, материалдық жағдайына, денсаулық күйіне қарамастан ақпараттық-коммуникациялық құралдар көмегімен оқыту екендігінде сөз қозғалады. Сондықтан білім беру кезінде дәстүрлі оқытудан кем қалмайтындай етіп, сабақ жүргізу керек. Сол үшін көптеген платформаларды, цифрлық бағдарламаларды пайдаланған жөн. Мақалада химия ғылымының бір бөлігі органикалық және полимерлі қосылыстарды Discord, Zoom платформалары арқылы түрлі цифрлық бағдарламаларды қолданып, білім беру технологиясы көрсетіледі. Қашықтықтан білім беру кезінде тақырыпқа байланысты түрлі презентациялар көрсетіліп, интербелсенді дәрістер жүргізілетіні айтылады. Интербелсенді дәріс тақырыпты дамытуға, тереңдетуге бағытталады. Интербелсенді дәрісте жаңа білім рефлексия арқылы құрылады. Дәрістерде студенттер: «Мен сабақта не білдім?», «Бұл білім маған қандай пайда әкеле алады?», «Мен бұл білімді қалай қолдана аламын?», «Бұл білім маған не үшін қажет?», «Мен тағы не білгім келеді?» деген сияқты сұрақтарға жауап береді. Сонымен қатар тек қана теория жүзінде ғана емес, тәжірибе жүзінде де түрлі химиялық реакцияларды көрсетуге және онлайн зертхана жасауға болатындығы айтылады.

**Түйін сөздер:** қашықтықтан оқыту, Discord, Zoom, цифрлық бағдарламалар, интернет, органика, полимерлі қосылыстар, технология, оқытушы, әдіс-тәсілдер.

Т.Т. Кужакова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан

## ТЕХНОЛОГИЯ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ ОРГАНИЧЕСКИХ И ПОЛИМЕРНЫХ СОЕДИНЕНИЙ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ПЛАТФОРМ DISCORD, ZOOM

*Аннотация*

В данной статье рассматривается о системе дистанционного образования, основанной на современных достижениях благодаря развитию науки и инновационных технологий. В связи с инфекционными заболеваниями, происходящими в мире, эта тема является актуальной. Дистанционное обучение заключается в том, что система образования – обучение с помощью информационно-коммуникационных средств в любое удобное время без отрыва от работы в любом месте, независимо от географического, социального, материального положения, состояния здоровья. Поэтому во время обучения необходимо проводить занятия, чтобы они

не уступали традиционному обучению. Для этого стоит использовать множество платформ, цифровых программ. В статье будет показана образовательная технология части химической науки как органических и полимерных соединений используя различные цифровые программы, через платформы Discord, Zoom. При дистанционном образовании проводятся интерактивные лекции, демонстрируются различные презентации, связанные с темой. Интерактивная лекция будет направлена на развитие, углубление темы. В интерактивной лекции новые знания формируются посредством рефлексии. На лекциях студенты отвечают на вопросы, такие как «Что я узнал на уроке?», «Какую пользу может принести мне это знание?», «Как я могу использовать эти знания?», «Зачем мне эти знания?», «Что еще я хочу знать?». Также отмечается, что не только в теории, но и на практике можно продемонстрировать различные химические реакции и создать онлайн-лабораторию.

**Ключевые слова:** дистанционное обучение, Discord, Zoom, цифровые программы, интернет, органика, полимерные соединения, технология, преподаватель, методы и приемы

*T. Kuzhakova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Abai Kazakh national pedagogical university,  
Almaty, Kazakhstan*

## **DISTANCE LEARNING TECHNOLOGY FOR ORGANIC AND POLYMER COMPOUNDS USING DISCORD, ZOOM PLATFORMS**

### *Abstract*

This article discusses the system of distance education, which is based on modern achievements thanks to the development of Science and innovative technologies. Because, in connection with the ongoing infectious disease in the world, this topic is relevant. We are talking about the fact that the education system of distance learning is training with the help of information and communication tools, regardless of geographical, social, financial, and health status, anywhere at a convenient time without leaving work. Therefore, during education, it is necessary to conduct classes in such a way that they are not inferior to traditional teaching. For this purpose, it is necessary to use a large number of platforms and digital programs. The article shows the technology of education of organic and polymer compounds, part of the science of chemistry, using various digital programs through the platforms Discord, Zoom. It is noted that in distance education, various presentations and interactive lectures are held, depending on the topic. The interactive lecture is aimed at developing and deepening the topic. In an interactive lecture, new knowledge is created through reflection. At lectures, students ask: «What did I learn in class?», «What good can this knowledge do me?», «How can I apply this knowledge?», «Why do I need this knowledge?», «What else do I want to know?» «How do you know?» It is also noted that it is possible to demonstrate various chemical reactions and create an online laboratory not only in theory, but also in practice.

**Keywords:** distance learning, Discord, Zoom, digital programs, internet, organics, polymer compounds, technology, teacher, methods and techniques.

Қазіргідей білім мен техника дамыған заманда ғылым мен инновациялық технологияның дамуы арқасында заманауи жетістіктерге негізделген қашықтықтан білім беру жүйесі маңызды рөл атқарып отыр. Оның үстіне әлемде болып жатқан жұқпалы дерттің алдын алу мақсатында барлық университеттер қашықтықтан оқуға көшті.

Қашықтықтан оқыту технологиясы - оқу үрдісі кезінде білім алушылар мен оқытушылар арасында интерактивті өзара іс-әрекетте оқытылып, материалдың негізгі көлемін білім



алушыларға жеткізуді қамтамасыз ететін, оқылған материалдарды меңгеру бойынша, сонымен бірге оқу үрдісі барысындағы білім алушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін ақпараттық технология.

Қашықтан оқыту-компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беру үрдісінде үздік дәстүрлі және инновациялық әдістер қолданылатын, күндізгі және сырттай білім алу ретінде білімді қабылдау түрі болып табылады.

Қашықтықтан оқыту кезіндегі білім беру үрдісінің негізін жеке кесте бойынша өзіне ыңғайлы жерде оқуға мүмкіндігі болатын, оқытудың арнайы құралдар жиынтығы өзінде бола отырып, электронды және қарапайым пошта, телефон арқылы оқытушылармен келісілген байланыс жасауына, сонымен қатар, күндізгі бөлімде де мүмкіндігі болатын, білім алушының мақсатқа бағытталған және бақыланатын қарқынды өзіндік жұмысын құрайды. Қашықтықтан оқыту білім жүйесі жоқшылыққа, географиялық немесе уақытша оқшаулануға қатысты себептермен, әлеуметтік қорғаны жоқ және денсаулығына байланысты білім мекемелеріне бару мүмкіндігі жоқ немесе өндірістік және жеке жұмыстары болу себебінен, ешкімнің оқуға мүмкіндігін шектеуге болмайды деген гуманистік қағидаларға жауап береді [1].

Қашықтықтан білім беру-жаңа ақпараттық технологиялар мен мультимедиялық жүйелер негізінде күндізгі, күндізгі-сырттай, кешкі және сырттай оқытудың элементтері үйлестірілген ерекше, жетілген түрі. Қазіргі замандағы телекоммуникациялық және электронды басылымдар дәстүрлі оқыту түрінің барлық құндылықтарын сақтай отырып, кемшіліктерін жеңіп шығуға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан білім беру жүйесін дамытудың ең негізгі мақсаттарының бірі – білім алушылардың кез-келген колледждер мен университеттердегі оқу бағдарламасы бойынша білім алуға, мүмкіндігі шектеулі жандарға, жұмыс бабымен жұмыстан шығуға мүмкіндігі болмайтын жандарға, бала күтімімен отырған аналарға білімін арттыруға жағдай туғызу және білім берудің ақпараттық жүйесін құру арқылы студенттер мен магистранттардың білім деңгейінің дәрежесін жоғарылату.

Міндеттері:

- Органикалық және полимерлі қосылыстарды қашықтықтан оқыту.
- Органикалық және полимерді қосылыстардың алынуын, химиялық қасиеттерін тәжірибе жүзінде көрсету.
- Интербелсенді әдіс-тәсілдерді пайдаланып, білім алушылардың органикалық және полимерлі қосылыстар жөнінде білім сапасын арттыру.

Елімізде білім беру саласында жаңа ІТ технологияларды қолдану басты мақсат болып отыр. Ол тек қана техникалық құрал емес, сонымен бірге жаңа ақпараттық, коммуникациялық технология және білім беру жүйесіндегі сабақ берудің жаңаша әдісі болып отыр. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында 10 міндетті атап айтты. Соның ішіндегі жетінші міндетінде «Адами капитал – жаңғыру негізі. Білім берудің жаңа сапасы. Жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту керек. Оқытудың мазмұндылығы заманауи техникалық тұрғыдан қолдау көрсету арқылы үйлесімді түрде толықтырылуға тиіс. Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты Интернетке қосу және мектептерімізді видео құрылғылармен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажет», делінген. Сонымен қатар цифрлық технология енгізу жүргізіліп жатыр. Бүгінгі күнде елімізде 3D принтер, онлайн - сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын басқа да перспективалы салалар дамып келеді.

Бұл мақсатқа жету үшін бүгінгі күндегі ұстаздың алдында тұрған міндет білім алушыларды интернет ресурстарын пайдаланып, ақпараттық технологияның көмегімен оқыту.

Қазір «Ғасырдың мектебі мен мұғалімі қандай болу керек?» деген негізгі сұраққа жауап ізделуде. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер мұғалім қажет екендігі аз айтылып жүрген жоқ. Қазір заман да, қоғам да өзгерген. Бүгінгі балалардың мақсаттары да, құндылықтары да, идеялары да бұрынғыдан мүлде басқаша. Өйткені олар – өзінің болашағына тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке бейім, жоғары талап қоя білетін адамдар. Олай болса, бұл қоғам кез келген педагогтан өз пәнінің терең білгірі ғана болу емес, теориялық, нормативтік – құқықтық, психологиялық – педагогикалық, дидактикалық әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан – жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етіп отыр.

Сапалы білімді меңгеруге талпынған қазіргі жастардың жаңа технологияның барлық түрлерін пайдалануға толыққанды мүмкіндігі бар. Себебі, оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту екенін жоғарыда айтып өттік.

Сондай-ақ, қашықтықтан оқытудың жетістігі – оқытушының өзінің қатысуынсыз студенттер назарын өзінен тыс қалдырмайтын қабілеттілігіне байланысты. Жаңа тақырып бойынша берілетін материал баспаға шығарылған түрде қашықтан оқыту курсына электрондық түрде немесе электрондық оқулық түрінде беріледі. Жаңа тақырыпты бұлай баяндау кезінде сабақтың басты элементі форум немесе чат болып табылады. Мұндай баяндаулар алдын-ала жоспарланып, алдын-ала даярланған сценарий бойынша жүргізіледі. Оқу үрдісіне тьютор белсенді қатысады. Қашықтықтан оқытуда жаңа материалды баяндаудың тағы бір нұсқасы – виртуалды шебер. Әдетте оқу материалын баяндау және талқылау бір мезгілде жүргізіледі.

Қашықтықтан оқу – жұмыстан қол үзбей қолайлы уақытта кез келген жерде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен оқу. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудағы маңызды кезең виртуальдық (синхрондық немесе асинхрондық) өзара іс-қимыл.

Синхрондық деп аталатын өзара іс-қимыл студент пен оқытушының нақты уақыт режиміндегі қатынасты қарастырады. Яғни студент пен оқытушы бір-бірін виртуалды көре отырып, өздерін толғандырған сұрақтарға студенттер нақты іс-әрекетпен немесе практикалық тұрғыда көріне отырып, жауап береді.

Асинхрондық өзара іс-қимыл студент пен оқытушы нақты уақытта қарым-қатынаста болмаған жағдайда жүзеге асырылады, бұл жағдайда қашықтан оқытудағы байланыстар жіберу тізімдерінің немесе теле конференциялардың көмегімен электрондық пошта бойынша хат алмасу арқылы ұйымдастырылады. Оқытушының кеңесі (синхрондық немесе асинхрондық) – қашықтан оқытуды орындаудың міндетті шарттары [2].

«Тіл дарын» облыстық тілдерді оқыту орталығы қашықтықтан оқытудың бірнеше платформаларының ішінде, мемлекеттік қызметшілер мен бюджет саласының қызметкерлерін, ересектерді оқытуда ең тиімді платформа ретінде «Zoom» бағдарламасының мүмкіндіктерін қарастырып, оны тиімді пайдалану көздерін жіті зерделеді. Алдымен орталық мамандары «Zoom» бағдарламасының тиімді тұстарын меңгеріп, оны аудандық, қалалық тілдерді оқыту орталықтарының оқытушыларына оқу-әдістемелік көмек көрсету мақсатында онлайн вебинар өткізді. «Zoom» бағдарламасы арқылы сабақ өткізу, вебинар, семинар өткізу өте тиімді. Себебі, оқытушының сабағына бір мезетте тыңдаушылар қатысып, слайд арқылы берілген тақырыпты көріп, тыңдап, кері байланыс жасауына да мүмкіндік беріледі. «Zoom» бағдарламасын пайдалану үшін оқытушы мен тыңдаушыға кең жолақты интернет, компьютерге немесе смартфонға жүктелген бағдарлама болуы шарт. Сонымен қатар

«Discord» бағдарламасыда өте қолайлы болып табылады. Бағдарламада басқа бағдарламалардың ең жақсы тұстары жинақталған. Ақылы түрлері жоқ, дыбыс шығаруы өте сапалы, уақыт шектеулігі жоқ.

Әр оқытушының қызметінде қашықтықтан оқытуды қалай ұйымдастыруға болады деген мәселе туындайды. Қашықтықтан сабақтарды қызықты және тиімді ету үшін қандай ресурстарды, қызметтерді таңдау керек?!

Мультимедиялық интерактивті оқу материалдарын жасау үшін өте ыңғайлы және қарапайым Қосымша Web 2.0 LearningApps.org. болып табылады. Конструктор LearningApps.org. оқыту мен оқыту процесін интерактивті модульдер арқылы жүзеге асыруға арналған қосымша болып табылады. Қолданыстағы Модульдер оқу мазмұнына тікелей енгізілуі мүмкін, сонымен қатар оларды жедел режимде өзгертуге немесе жасауға болады. Бұл қосымшаның мақсаты-интерактивті блоктарды жинау және оларды көпшілікке қол жетімді ету мүмкіндігі.

[Http://learningapps.org/](http://learningapps.org/) сайтында әр түрлі пәндерден нақты тақырыптар бойынша дайын жаттығулар жиналады. Ең бастысы, оқытушы бұл жаттығуларды өзі өзгерте алады немесе дайын күйінде қолдана алады. Жаттығулар төмендегідей әртүрлі формада ұсынылған:

- Ашық жауап викториналары, жауап таңдау викториналары;
- Салыстыру, билеуші және портрет, билеуші және оқиға тапсырмалары;
- Мәтіндегі олқылықтарды толтыру тапсырмасы;
- Тапсырмаларды картадан табу;
- Кроссворд;
- Аудио, бейне мазмұны.
- Пазлдар әдісі

Барлық тапсырмалар көрнекілікке арналған суреттермен және анимациялармен бірге жүреді, дұрыс емес жауап таңдалған жағдайда қате көрсетіледі, сіз тағы да жауап беруге тырысуға болады.

«Kahoot» бағдарламасы - бұл студенттердің белгілі бір тақырып бойынша не білетінін/есте сақтайтынын білудің тамаша тәсілі

- Kahoot көмегімен білім алушылардың білімге деген құштарлығы артады
- Білім алушылардың білімдерінің прогресін қадағалауға болады. Ойыннан кейінгі есептерді студенттердің материалды қалай тиімді игергенін көру үшін пайдаланылады
- Kahoot-ты сауалнама жүргізуге, талқылаулар жүргізуге, дауыс беруге қолдануға болады.

Kahoot бағдарламасының артықшылықтары:

- студенттер интернетке қосылған кез-келген құрылғыны қолдана алады: телефон, планшет, ноутбук немесе компьютер.
- қатысушылардың саны шектеусіз, сонымен қатар сіз жеке де, командада да ойнай алады.
- тапсырмаларға фотосуреттер мен бейнелерді қосуға болады.
- тапсырмалардың орындалу қарқынын өзіңіз таңдай аласыз, яғни оны топтың жылдамдығына байланысты өзгертуге болады.

Online Test Pad - тестілер, сауалнамалар, кроссвордтар, логикалық ойындар мен күрделі тапсырмаларды құруға арналған білім берудің онлайн қызметі. Online Test Pad бағдарламалық жасақтамасын пайдаланушыларға бұрын құрылған сауалнамалардың, тестілердің және кроссвордтардың кең базасы ұсынылған. Онлайн-тест құрастырушысы кез-келген күрделі тестін тез және оңай құруға мүмкіндік береді. Оның көмегімен әртүрлі тақырыптар бойынша тесттер құруға болады: оқушылар мен студенттердің білімін тексеру, психологиялық тестілеу, сауалнама жүргізу және т.б. [3].

Органикалық және полимерді қосылыстардың алынуын, химиялық қасиеттерін тәжірибе жүзінде «YOU TUBE» желісі арқылы онлайн сабақ беру барысында көрсетуге болады және

де «Виртуальды лаборатория» бағдарламасы арқылы түрлі тәжірибелерді сабақ барысында жасауға болады.

Сонымен, қашықтықтан оқыту технологиясы студенттердің тьютор (оқытушы-кеңесші) басқаруымен дербес оқуына негізделген. Семестр бойы кесте бойынша онлайн режимінде кеңестер беріледі. Сонымен қоса, студенттер бетпе-бет кеңестер немесе электрондық пошта арқылы кеңестер алуына болады. Емтихандар алдында студенттермен аудиториялық сабақтар да жүргізіледі.

Қашықтықтан оқыту технологиясының артықшылықтары:

- Заман талабына сай ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен құралдарды қолдану;

- Интерактивті әрекеттесу формалары;

- Сапалы білім алу;

- Уақытты және қаражатты үнемдеу;

- Ыңғайлы уақытта оқу;

- Территориялық шектеулер жоқ, әлемнің кез-келген жерінде жүріп, сабаққа қатысу мүмкіндігі бар және тек өз тұрғылықты жерінде емес, келген басқа қалаларда, басқа елдерде білім алуға көп мүмкіншілік бар.

- Егер ауа-райы бұзылып, сақтану мақсатында оқудан босатылып жатырса, қашықтықтан оқытудың оған еш қатысы болмайды.

- Денсаулық күйі бойынша шектеулер жоқ.

Қашықтықтан оқытудың өзіне тән кемшіліктері де бар.

Егер электр тоғы өшіп қалса, немесе компьютерде ақау болса, маңызды семинар кезінде интернет желісі нашарлап кетсе, қиындық туғызады. Университен өміріне белсене араласа алмайды [4]. «...Адамзат үшін ХХІ ғасыр жаңа технологиялардың ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру - бүгінгі жас ұрпақтың қолында ... Ал жас ұрпақтың тағдыры - ұстаздардың қолында» – деп елбасымыз Н. Назарбаев айтып өтті. Сондықтан ХХІ ғасырда оқытудың Онлайн тәсілін алға қарай дамыта беруіміз қажет.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. *Жоғары мектеп педагогикасы: оқу құралы / А. К. Игибаева, А. Т. Дюсенбаева. - Электрон. текстовые дан. 6,80 МБ. - Алматы : TechSmith, 2019. - 196 б.*

2. *Дистанционное образование: теория и практика / К. Искаков. - Алматы : Б. и., 2007. - 232 с.*

3. *Организация дистанционного обучения на основе ресурсов Интернета: учебное пособие для социологов / Н. И. Астахова. - М. : Гос. ИРЯ им. А.С. Пушкина, 2005. - 128 с.*

4. *ADVANTAGES AND DISADVANTAGES OF DISTANCE LEARNING. Djalilova K.M. <https://cyberleninka.ru/article/n/advantages-and-disadvantages-of-distance-learning/viewer>*

ӘОЖ 378.016:54:004  
FTAMP 14.35.09

Д.Е. Нурмаханова<sup>1</sup>, Г.И. Мейірова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қаласы, Қазақстан

## ХИМИЯНЫ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДА ВЕБ - ФОРУМДАРДЫ ҚОЛДАНУ

### Аңдатпа

Қашықтан оқыту жағдайында оқу үрдісін онлайн, оффлайн форматта аралас ұйымдастыру тиімді. Мақалада осы оффлайн оқыту формаларының бір түрі – веб-форумды қолдану қарастырылған. Бұл білім алушылар арасында қарастырылатын тақырыпқа немесе қашықтықтан оқыту нысандарын ұйымдастыру мәселелері бойынша қарым-қатынас жасауда қолданылатын парақша. Форумның дидактикалық ерекшеліктері мен функциялары, форумда жүргізілетін асинхрондыбайланыс жүргізудің мүмкіндіктері қарастырылған. Форум мен жеке блог, таратылым тізімдерінің әдістемелік ерекшеліктері көрсетілген. Веб-форумдарды жүргізуге арналған қолжетімді, интерфейсі түсінікті, қарапайым платформаларға талдау жасалып сарапталған.

**Түйін сөздер:** қашықтан оқыту, веб-форум, жеке блог, таратылым тізімі, видеоконференциялар, желілік оқыту, химияны оқыту.

Нурмаханова Д.Е.<sup>1</sup>, Мейірова Г.И.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВЕБ - ФОРУМОВ В ДИСТАНЦИОННОМ ОБУЧЕНИИ ХИМИИ

### Аннотация

В условиях дистанционного обучения эффективна смешанная организация учебного процесса в онлайн, оффлайн форматах. В статье рассматривается один из видов этих оффлайн форм обучения – использование веб-форума. Это платформа, используемая при общении между обучающимися по рассматриваемой теме или по вопросам организации дистанционных форм обучения. Рассмотрены дидактические особенности и дидактические функции форума, возможности проведения асинхронной связи, проводимой на форуме. Показаны методические особенности форума и личного блога, списки рассылки. Проанализированы доступные, простые платформы для ведения веб-форумов.

**Ключевые слова:** дистанционное обучение, веб-форум, личный блог, списки рассылки, видеоконференции, сетевое обучение, обучение химии.

D. Nurmahanova<sup>1</sup>, G. Meirova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh national pedagogical university,  
Almaty, Kazakhstan

## USE OF WEB FORUMS IN DISTANCE LEARNING CHEMISTRY

### Abstract

In the context of distance learning, a mixed organization of the educational process in online and offline formats is effective. The article discusses one of the types of these offline forms of learning – the use of a web forum. This is a platform used for communication between students on the topic under consideration or on the organization of distance learning. The didactic features and didactic functions of the forum, the possibility of asynchronous communication conducted at the forum are considered. The methodological features of the forum and personal blog, mailing lists are shown. The available, simple platforms for conducting web forums are analyzed.

**Keywords:** distance learning, web forum, personal blog, mailing lists, video conferences, network training, chemistry training.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялық желілерді пайдаланып тиімді, қол жетімді, кері байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік бере қашықтан оқыту процесі қарқынды дамуда. Соңғы күндердегі оқиғалар, жаңа коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралуының алдын алу кезеңінде қашықтан оқыту студенттерді, мектеп оқушыларын және осы кезеңде біліктілікті арттыру курсынан өтуі тиіс мамандарды оқытуды ұйымдастырудың жалғыз тәсілі болды. Осыған байланысты желілік оқыту процесін сапалы әрі қолжетімді ұйымдастыру мәселесі, яғни онлайн-оқыту өзекті болды.

Бұл өз кезегінде педагогтар алдында көптеген техникалық, психологиялық, шешендік, ұйымдастырушылық сынды туындаған мәселелерді және оларды шешу өзара іс-қимылдың сапалы процесін ұйымдастыру үшін өте маңызды. Бұл камера алдында жұмыс істей білу, онлайн-курсты қолдай білу, шешендік және актерлік шеберлік, алдағы сабақты жоспарлау және ұйымдастыру қабілеті сияқты қосымша кәсіби құзыреттерді қалыптастыруды талап етеді. Қашықтан оқыту құралдары өте көп. Олардың ішінде еліміздің педагогтарыарасында кең тарағандары *видео-дәрістер*, *видеоконференциялар*, *вебинарлар* мен *форумдар* болды.

Абай атындағы ҚазҰПУ университет оқытушылары үшін «Цифрлық педагог-2020» Жазғы онлайн-мектебін ұйымдастырылды. Жазғы онлайн-мектебіне қатысушылар цифрлық құралдармен (DownSub, Advego, Dandelion, Алот, CoreApp, Zoom, GoogleMeet, OBS-Studio, Edpuzzle, QuizLET, Quizzz, Kahoot, Socrative) жұмыс істеу дағдыларын меңгеріп, үйренді: түрлі платформаларда бейне-дәрістер жасауды үйренді; мультимедиа элементтерін пайдалана отырып, түрлі серверлерде сабақ өткізуді; цифрлық іздерді қадағалауды; виртуалды зертханаларда эксперименттер жүргізуді; тестілер жасауды және цифрлық платформалар мен рефлексия жүргізуді; цифрлық платформаларды қолдану; мәліметтерді талдау және рубрикаторларды қалыптастыру және т.б. үйренді.

Жоғарыда аталған сауаттылық курсы нәтижесінде ұсынылған сабақ түрлерінің ішінде веб-форумға тоқталуды жөн көрдік.

Веб-форум – білім алушылар арасында қарастырылатын тақырыпқа немесе қашықтан оқыту нысандарын ұйымдастыру мәселелері бойынша қарым-қатынас жасауға арналған платформа. Ол әдетте тәуелсіз веб-сайт немесе сайт бөлімі болады. Интернет-форумда білім алушылар арасында қызығушылық туындатқан немесе түсініксіз кез-келген мәселелерді еркін талқылауға мүмкіндік беретін қарым-қатынастың жаңа тәсілі. Форумда қатысушылар арасында сөйлеудің «гибридті» түрі қолданылады (ауызша және жазбаша мәтіндерді

араластыру). Форумдағы байланыс – бұл ерекше электронды әңгіме, онда байланыс асинхронды түрде жүреді.

Соңғы жылдары веб-форумның көп таралуына қарамастан, ғылыми әдебиеттерде оны жаратылыстану ғылымдарын оқытуда қолданылуы аз қарастырылған.

Веб-форумның дидактикалық ерекшеліктері:

- жариялылық;
- сызықтық;
- пайдаланушылардың түсініктемелерін орналастыру мүмкіндігі;
- хабарламалардың жеке-дара авторлығы.

Жоғарыда айтылған дидактикалық ерекшеліктер негізінде келесі дидактикалық функцияларды тұжырымдауға болады [3]:

- мәселелерді желілік талқылауды ұйымдастыру;
- дербес оқу іс-әрекетінің дағдыларын дамыту;
- білім алушылардың танымдық іс-әрекетін дамыту;
- ынтымақтастықта оқу дағдыларын дамыту;
- оқылатын оқу мәселелерін желілік талқылауды ұйымдастыру;
- әлеуметтік-мәдени құзыреттілік компоненттерін қалыптастыру

Форумның артықшылығы көрсетілген уақытта диалог жүргізу мүмкіндігі болып табылады. Бұл қатысушыларға ойын жинақтап, аргументтерді іздеп нақты жауап беруге мүмкіндік береді. Сайт контентін жиі пайдалы ақпараттармен толықтырып отыруіздеу жүйелеріндегі дәйексөздер мен индекстеу көрсеткішіне оң әсер етеді, бұл сайттың іздеу жүйелеріндегі рейтингісін көтереді.

Мысалы, Веб-форум жеке блог немесе таратылым тізімдеріне ұқсас болып келеді. Техникалық тұрғыдан қарастырғанда тиімділігі ондағы репликалар форумның веб-бетінде жинақталады, сондықтан веб-парақшаға кешігіп кірген қатысушылар да оның толық тарихымен таныса алады. Сонымен қатар, форумға қатысушылардың жаңа жазбалары басқа қатысушыларға компьютерлерін қосып, форум парақшасына кірген уақытта ғана жеткізіледі. Форум және таратылым тізімінің салыстырмалы сипаттамалары 1-кестеде көрсетілген.

Кесте-1. Жеке блогтың форум және таратылым тізімдерімен салыстырмалы сипаты

Критерий	Форум	Таратылым тізімі
Фокус	Белгілі бір тақырыпқа	маркетинг, жарнама құралы, БАҚ тарату әдісі
Бақылау	Орталықтандырылмаған, топтық	орталықтандырылмаған, топтық
Мақсаты	Онлайн-пікірталас: топтық талқылау, шешім қабылдау, ынтымақтастық	Ортақ мүдделермен біріктірілген топты хабардар ету
Реакция	Пікірталасты қолдау үшін жауаптар қажет	Пікір жазған дұрыс, бірақ міндетті емес
Құралдар	Веб-қосымшаларды белгілі бір веб-сайтта – веб-форумдар қызметінде пайдалану. Әдетте форум өзінің хабарламалар базасында іздеу мүмкіндігіне ие	Электрондық пошта серверлерінің, сонымен қатар арнайы тарату бағдарламаларының мүмкіндігі
Хронология	Әдетте хабарламаларда «Автор – тақырып – мазмұн – күн/уақыт» туралы ақпарат болады. Хабарлама және оған барлық жауаптар тармақтарды құрайды	Тарату нақты уақыт режимінде жүргізіледі

Тақырып	Топтың мүдделерін көрсетеді	Топтың мүдделерін көрсетеді
Жарияланымдар ережелерінің сақталуын бақылау	Талқылау тақырыпқа сәйкес келуі керек. Бастапқы талқылау тақырыптарынан ауытқу форум ережелерімен жиі тыйым салынады. Ережелердің сақталуын, белгілі бір бөлімде немесе тақырыпта басқа адамдардың хабарламаларын өңдеуге, жылжытуға және жоюға, оларға жеке қатысушылардың қол жетімділігін бақылауға мүмкіндік беретін модераторлар мен қатысушы әкімшілер бақылайды	Бақылауды тарату парағының әкімшілері жүзеге асырады

*Таратылым тізімі*– қатысушыларға пошта хабарламасын жіберуге мүмкіндік беретін механизм. Мұнда модератор таратылымды топқа хабарлама жеткізу үшін қолданады және ол қатысушылардың қайсысы тек ақпараттық бюллетеньді оқи алады немесе хабарламаларды жібере алатындығы жайлы құқықтарын анықтайды. Таратылым тізімінің басты ерекшелігі әр қатысушыға жеке электрондық пошта арқылы берілетінің маңызды ақпаратты тез арада жеткізу.


Төменде веб-форум жасауға арналған таңдаулы (топ) сайттар көрсетілген.

- <https://www.phpbbguru.net>
- <https://punbb.informer.com/>
- <https://www.lazarus-ide.org/>
- <http://bbpress.ru/>
- <https://simplemachines.org/>
- <http://mybb.ru/>

Көрсетілген сайттарды сараптай келе, интерфейсін түсінікті –<http://mybb.ru/> сайтты таңдап алдық. Mybb – интернет-форум жасауға арналған қарапайым әрі оңай, жылдам, сенімді сервис болып табылады. Онда кез-келген пайдаланушы оны қызықтыратын тақырыпта тегін форумдар құра алады. Mybb 30 астам тілді қолдайды. Статистика бойынша, қазіргі таңда тәулігіне 90 форум құрылады, белсенді форумдар саны 587 893, қатысушылар саны – 12 719 178, тақырыптар саны – 68 369 268, хабарламалар саны – 600 549 743 (17.01.2021).


Жоғарыда аталған сайтта жасаған форум мына сілтеме бойынша қолжетімді: <http://din.mybb.ru>. Парақшада жүргізілен белсенді форумдар 3-суретте көрсетілген. Сайтта офлайн-форум форматында 2 курс магистранттарына «Заманауи органикалық химияның қолданбалы аспектілері» пәнінен «Күрделі полифункционалды және полициклді молекулалардың синтезі» тақырыбында өткізілді (сабақтың басталуы мен аяқталуы 7 күн; сенбі күні сағат 12.00 өзара бағалау басталады). Сабақ басталмас бұрын модератор (оқытушы) қатысушыларға хабарламаның сілтемесі жіберіледі. Хабарлама үлгісі 1-суретте көрсетілген.






Сурет-1. Хабарлама үлгісі

Хабарламада форумда талқыланатын мәселе жайлы, форум уақыты, қатысушылардың жауаптарына қойылатын талаптар көрсетіледі. Сабақ нәтижесінің мысалы төмендегі суретте көрсетілген (сурет-2), студенттердің қарастырылған мәселе бойынша жауаптары өзара талқыланады.



Сурет-2. <http://din.mybb.ru> парақшасындағы білім алушылардың пікір алмасуы

Форумда модератор журнал форумынан қатысушылардың іс-әрекетін бақылай алады (кіру уақыты, туындаған техникалық мәселер жайлы мәлімет, топтағы өзгерістер, қатысушылардың жауаптары).



Сурет-3. <http://din.mybb.ru>парақшасында жүргізілген белсенді форумдар тізімі

2020/2021 оқу жылы 1-семестрде магистранттар мен докторанттарға өткізілген форумның нәтижесі бойынша, мындай қорытынды жасадық:

- студенттер онлайн веб-семинармен салыстырғанда форумда әлдеқайда ашық байланысқа түседі, өзара байланыс кезінде белсенділігі жоғары болады;
- түрлі тыныс белгілерін қолдану (!!!, ???, смайликтер және т.б.), қысқартылған сөздер қолдану олардың еркін байланысқа түсуіне ықпал жасайды;
- веб-форум замануи қоғамда мұғалімге оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Акоюн Э.В. *Возможность применения веб-форумов в образовательном процессе//Современные проблемы математики, физики и физико-математического образования Сборник материалов IX Международной научно-практической конференции. Москва, 2019 – С. 88-90.*

2. Бочарова Т.А. *Иерархический порядок и структура сетевых форумов. Электронное научное издание «Ученые заметки ТОГУ» 2018, Том 9, №2, С. 727-730.*

3. Гальченко Н.А. *Применение информационных технологий как способ повышения эффективности образовательного процесса (на примере мобильных технологий). Успехи современной науки 2017, Том 1, №3. С. 37-40.*

4. Фатеева, М.В. *Лингвистические особенности коммуникации в рамках веб-форума / М. В. Фатеева // Теоретические и практические предпосылки подготовки полилингвальных специалистов в вузе : материалы IV Международного научно-практического онлайн-семинара (вебинара), г. Могилев, 30 марта 2018 г. – Могилев : МГУ имени А. А. Кулешова, 2018. – С. 90-94.*

Д.Р. Онтагарова<sup>1</sup>, А.К. Сапакова<sup>1</sup>, А.Н. Нурекенова<sup>1</sup>, Г. Салбат<sup>1</sup>

<sup>1</sup>«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КЕАҚ,  
Семей қ., Қазақстан

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕГІ ХИМИЯ ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ОҚУ МАҚСАТТАРЫ ЖҮЙЕСІНІҢ СӘЙКЕСТІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### *Аңдатпа*

Мақалада жаңартылған білім берудегі химия оқулықтарының мазмұны мен оқу мақсаттары жүйесінің сәйкестігі мәселелері туралы қарастырылған. Әлеуметтік желі арқылы химия мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі сарапталды. Химия оқулықтарынан әр сыныптан бес бөлімге сәйкес тараулардың тірек сөздері іріктеліп алынып, кестеге жинақталып, көлемі сан жағынан сипатталды. Концептуалды талдауда «Зат» концепт моделі әрбір сыныпқа арналған ядролар (оқу мақсаттары негізінде) және перифериялар (оқу мақсаттары негізінде тірек сөздер) тұрғысынан жасалған.

**Түйін сөздер:** оқу мақсаттары жүйесі, жаңартылған білім мазмұны, тірек сөздер, ұғымдар, химия оқулығы, концепт, концептуалды талдау, химияның бөлімдері.

Онтагарова Д.Р.<sup>1</sup>, Сапакова А.К.<sup>1</sup>, Нурекенова А.Н.<sup>1</sup>, Салбат Г.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>НАО «Университет имени Шакарима города Семей»,  
г. Семей, Казахстан

## ПРОБЛЕМЫ СООТВЕТСТВИЯ СОДЕРЖАНИЯ УЧЕБНИКОВ ХИМИИ И ЦЕЛЕЙ ОБУЧЕНИЯ В РАМКАХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

### *Аннотация*

В данной статье рассмотрены вопросы соответствия содержания учебников химии и системы целей обучения по обновленному содержанию образования. Проанализированы результаты анкетирования учителей химии, проведенного через социальные сети интернета. Подобраны опорные слова из глав по пяти разделам учебников химии, данные суммированы в таблицу и охарактеризованы количественно по объему. В концептуальном анализе с точки зрения ядер (на основе целей обучения) и периферий (опорные слова на основе целей обучения) для каждого класса разработана концепт-модель «Вещество».

**Ключевые слова:** система целей обучения, обновленное содержание образования, опорные слова, понятия, учебник химии, концепт, концептуальный анализ, разделы химии.

D.R. Ontagarov<sup>1</sup>, A.K. Sapakova<sup>1</sup>, A.N. Nurekenova<sup>1</sup>, G. Salbat<sup>1</sup>

<sup>1</sup>NAO «University named after Shakarim of Semey city»,  
Semey, Kazakhstan

## PROBLEMS OF CORRESPONDENCE OF THE CONTENT OF CHEMISTRY TEXTBOOKS AND LEARNING GOALS WITHIN THE FRAMEWORK OF UPDATING THE CONTENT OF EDUCATION

### Abstract

This article discusses the issues of correspondence between the content of chemistry textbooks and the system of learning objectives for the updated content of education. Analyzed the results of a questionnaire survey of chemistry teachers, conducted through the social networks of the Internet. Selected key words from chapters in five sections of chemistry textbooks, the data are summarized in a table and characterized quantitatively by volume. In the conceptual analysis from the point of view of nuclei (based on learning goals) and peripheries (key words based on learning goals), a concept model «Substance» was developed for each class. Conclusions to the article are presented.

**Keywords:** system of learning objectives, updated content of education, keywords, concepts, chemistry textbook, concept, conceptual analysis, chemistry sections.

Мектептегі жаңартылған химия курсы мазмұнының идеялық-теориялық, әдіснамалық және практикалық бағыты оқушылардың дамуы мен тәрбиесіне қолайлы жағдай жасайды. Пәндік оқытудағы химиялық ұғымдардың жалпы теориялық жүйелерінің қарқынды қалыптасуы және белсенді жұмыс істеуі жаңартылған химияның білім мазмұнын қайта құрудың өзекті мәселелерін шешудің маңызды шарты болып табылады.

Бұл жұмыста зат, химиялық реакция туралы ұғымдар жүйесінің мазмұны мен құрылымы, оларды қалыптастырудың қабылданған тұжырымдамасының оқу мақсаттары жүйесінде жүзеге асыру мүмкіндігі қандай деңгейде орын алып отырғаны ашылады.

Негізгі және жалпы орта білім деңгейлерінде «Химия» пәні бойынша оқу мақсаттары бес бөлімге бөлінеді. Бұл бөлімдер меңгерілетін білік пен дағды, тақырып, білім мен түсінік деңгейіне қарай бөлімшелерге бөлінеді. Оқу мақсаттары осы бөлімшелер аясында топтастырылған (1-сурет).



Сурет-1. «Химия» пәні бойынша оқу бөлімдері

Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікті сақтай отырып құрастырылған оқу мақсаттары бөлімше аясында оқушылардың қаншалықты алға ілгерілегенін көрсетеді, бұл мұғалімдерге

жұмысын жоспарлап, оқушыларды бағалап және алдағы уақытта олардың қандай шешім қабылдаулары қажеттігін анықтап, оны оқушыларға жеткізуге негіз болады. Сонымен қатар, осы пәндер бойынша әзірленген оқу бағдарламаларына негіз болған маңызды қағидат білім беру бағдарламасының спиральділік қағидаты болып табылады [1, 2]. Қарастырылған жұмыста химия оқулықтарынан бес бөлімге сәйкес тараулардың тірек сөздері іріктеліп алынып, әр сынып оқулығындағы ұғымдар, тірек сөздер кестеге жинақталды (1-кесте). Мысал ретінде 8-сынып «Химия» оқу пәніндегі бөлімдерге сәйкес тірек сөздері, ұғымдарының фрагменті келтірілді. Осындай жұмыстар 7-11 сыныптың «Химия» оқулықтары бойынша жүргізілді.

Кесте-1. 8-сынып «Химия» оқу пәніндегі бөлімдерге сәйкес тірек сөздері, ұғымдары (фрагменті)

«Химия» оқу пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдері	8-сынып	
	Тараулары	Негізгі тірек сөздері, ұғымдары
«Заттардың бөлшектері»	I тарау. Атомдағы электрондардың қозғалысы	Энергетикалық деңгей ( электрондық қабат), период нөмірінің физикалық мәні, электрондық бұлт, орбиталь, s және p орбитальдар, бейтарап атом, оң зарядталған ион, теріс зарядталған ион, «нөлдік қосынды әдісі», валенттік электрондар
	IV тарау. Зат мөлшері	Моль, құрылымдық бөлшектер саны, салыстырмалы атомдық және молекулалық масса, массалық және атомдық қатынас, зат мөлшері
	IX тарау. Химиялық байланыс түрлері	Электртерістік, элементтердің электртерістік қатары, сыртқы электрон қабаты, валенттік электрон, электртерістік, иондар, катион, анион, ион заряды, аморфты заттар, кристаллы заттар, кристалдық тор, кристалдық тор түйіні, иондық кристалдық тор, атомдық кристалдық тор, молекулалық кристалдық тор, зат құрылымы, зат қасиеті
«Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары»	II тарау. Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері	Химиялық қосылыс, химиялық элементтердің массалық үлестері, бастапқы заттар, түзілген өнімдер, реагент реакция өнімі, коэффициент, жай заттар, күрделі заттар, заттың құрам бөліктері, фотосинтез, тыныс алу шіру, тотығу, жану бағу тотығу, жемірілу
	III тарау. Металдардың белсенділігін салыстыру	Металдар, оттегі, оксид, су, сутек, гидроксид, металдар, қышқыл ерітінділері, металдардың белсенділік қатары, тұз ерітінділері, жемірілу, химиялық жемірілу, электрохимиялық жемірілу, жемірілуден қорғау шаралары, ингибитор
	V тарау. Стехиометриялық есептеулер	Зат мөлшері, салыстырмалы молекулалық масса, мольдік масса, химиялық теңдеу, коэффициент, мольдік қатынас, мольдік көлем, молекулалар саны, қалыпты жағдай, моль, газдардың тығыздығы, формула, реакция теңдеуі, газ тәрізді заттардың мольдік көлемі
	VIII тарау. Химиялық элементтердің периодтық жүйесі	Периодтық нөмірі, топ нөмірі, металдық қасиеттер, бейметалдық қасиеттер, период, топ, атом құрылымы, электрондық формула, оксид, гидроксид, сілтілік металдар, шалогендер, инертті газдар, негізгі топша металдары, қосымша топша металдары, бейметалдар
«Химиядағы энергетика»	VI тарау. Химиялық реакциядағы энергиямен танысу	Жану өнімдері, көміртек қосылыстары, көмірқышқыл газы, ніс газы, жылыжай эффектісі, жылыжай эффектісін тудыратын заттар, жылу эффектісі, экзотермиялық реакция, эндотермиялық реакция, термохимиялық теңдеу

Мектеп химия курсының жаңартылған білім мазмұнында классикалық химиялық білімдер жүйесі толық көрінеді [3-5].

Көптеген химиялық ұғымдарды бір-бірінен шатастырып алмау үшін оларды жүйелеу-жіктеудің маңызы өте зор. Дегенмен нақтылап айтсақ осы уақытқа дейін химиялық ұғымдарды жүйелеп-жіктеуде бірыңғай әмбебаптық жоқ. Химиядан сабақ беру кезінде жалпы логикалық және дидактикалық ұғымдар жүйесі кеңірек қолданылады. Олар берілетін химиялық білімнің салаларын негіздейді.

Химиялық ұғымдарды қалыптастыру тақырыпта берілетін түрлі химиялық түсініктермен қатар, оқушылар ғылыми деректерді, заңдарды меңгереді.

Бұл жұмыста «Химия» оқу пәніндегі (7-11 сыныптар) тірек ұғымдарының көлемі сандық сипатта анықталды (2-кесте). Кестеден «Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары» (318), «Химия және қоршаған орта» (389) бөлімшелерінде ұғымдар көлемінің басымдылығын байқауға болады. Оқу мақсаттары жүйесінде осы ұғымдардың нақтылы қамтылу сипаты қандай болмақ, деген сұрақ туындайды.

Кесте-2. «Химия» оқу пәніндегі (7-11 сыныптар) тірек ұғымдары көлемінің сандық сипаты

«Химия» оқу пәндерінің мазмұны					
Заттардың бөлшектері	Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары	Химиядағы энергетика	Химия және қоршаған орта	Химия және өмір	
Оқулықтағы тірек ұғымдар саны					
7-сынып	38	17	11	22	10
8-сынып	34	63	54	47	-
9-сынып	65	47	100	83	-
10-сынып	66	78	37	136	-
11-сынып	-	113	15	101	73
	Σ 203	Σ 318	Σ 217	Σ 389	Σ 83

Оқулық сапасы жөнінде қазіргі кезде баспасөз беттерінде, әлеуметтік желілерде көптеген пікірлер айтылуда. Алайда, оқулықтар қаншама авторлардың қажырлы еңбегімен жазылды, бірнеше эксперттердің сараптамасынан өтті, оқыту үрдісіне енгізілді. Ендігі мәселе сол оқулықтар мазмұнын білімалушыларға тиянақты меңгертуде мұғалімнің, әдіскерлердің қандай әдістемелік сұрақтарды шешу қажеттілігін анықтау. Осы мәселеде химия пәні ұстаздарының пікірін саралау мақсатында әлеуметтік желіден «Химия оқулықтарының сапасы туралы мұғалімдердің пікірі» сауалнама жүргізілді (2-кесте). Сауалнамаға қатысқан мұғалімдер саны -155.

Кесте-2. Химия оқулықтарының сапасы туралы мұғалімдердің пікірі

Сауалнама сұрақтары	«Ия» пікірде болған ұстаздар пайызы, %	«Жоқ» пікірде болған ұстаздар пайызы, %	«Жауап беруге қиналамын» пікірде болған ұстаздар пайызы, %
7-сыныптарға арналған «Химия» пәнінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы оқу мақсаттары жүйесін оқулық мазмұны толық көрсете ме?	47,7	38,1	14,2



8-сыныптарға арналған «Химия» пәнінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы оқу мақсаттары жүйесін оқулық мазмұны толық көрсете ме?	65,8	26,5	7,7
9-сыныптарға арналған «Химия» пәнінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы оқу мақсаттары жүйесін оқулық мазмұны толық көрсете ме?	62,6	27,7	9,7
10-сыныптарға арналған «Химия» пәнінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы оқу мақсаттары жүйесін оқулық мазмұны толық көрсете ме?	16,1	63,8	20
